

## МАГИСТРАТУРАДАҒЫ КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Негізгі қағидалары

1. Магистратурадағы курстық жұмыс туралы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, 2012 жылдың 23 тамызындағы ҚР Үкіметінің №1080 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен нормативті актілеріне сәйкес жасалған.

2. Ереже курстық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптарды, қорғауға ұсыну ретін және қорғау процедурасын анықтайды.

3. Курстық жұмыс оқу мерзімі кемінде 1,5 жыл болатын магистратураның кәсіби оқу бағдарламалары үшін магистрлік диссертацияның бірінші кезеңі болып табылады және магистранттардың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысына берілетін кредит көлемінде орындалады.

4. Курстық жұмыстың мақсаты – мамандық пен ғылыми мамандандырудың теориялық мәселесін қарастырып шешу. Курстық жұмыс бірінші оқу жылы аяқталғаннан кейін ғылыми мақала жазу үшін пайдаланылуы керек.

5. Курстық жұмыстың міндеттері:

- ғылыми-зерттеу/ғылыми-практикалық мәселелерді шешу кезінде базалық және бейіндік пәндер бойынша алған білімдер мен дағдыларды қолдану;
- ғылыми-практикалық талдаудың дағдылары мен ептілігін қалыптастыру;
- бастапқы ақпаратты, эксперименттік жабдықтарды, материалдарды және кәсіби аспаптарды шығармашылық тұрғыдан пайдалана білу.

6. Курстық жұмыстың тақырыбы орындалып жатқан келісімшарттар, гранттар, тақырыптар шеңберінде анықталуы мүмкін.

7. Курстық жұмысты кафедра отырысында қорғау оның бақылау формасы болып табылады.

### 2. Курстық жұмысқа қойылатын талаптар

8. Мазмұнына қойылатын талаптар:

- жұмыс мақсаттары мен міндеттерін қысқа және нақты түрде анықтау;
- қарастырылып отырған мәселенің зерттелу дәрежесінің сипаттамасы (әдеби шолу);
- қолданылған ғылыми әдістемелерді негіздеу және бейнелеу;
- алынған нәтижелерді мазмұндау және талдау;
- нәтижелерді пайдалану саласын анықтау;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиет көздерінің тізімі.

9. Мазмұндалуына қойылатын талаптар:

- материалдың сауатты, нақты, анық, логикалық мазмұндалуы;
- сенімді дәлелденуі;
- басқаша түсініктер тудырмайтын анықтамалардың нақтылығы және дәлдігі.

10. Курстық жұмыс қорғауға басылып, түптелген түрде ұсынылады. Курстық жұмыстың көлемі қосымшаларды ескермегенде 25-30 беттен аспау керек.

### 3. Курстық жұмыстың құрылымы

11. Магистранттың курстық жұмысында келесі ретпен орналасқан материалдың болуы керек:

- титул парағы;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиет көздерінің тізімі;
- қосымша (қажет болса).

#### **4. Курстық жұмысты орындау мен қорғауға дайындау реті**

12. Курстық жұмыстар тақырыптарын кафедра магистранттардың мүддесіне және орындалып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарына қарай анықтайды.

13. Курстық жұмыс жетекшісі болып магистранттың диссертациялық зерттеуінің бекітілген ғылыми жетекшісі тағайындалады.

14. Кафедра магистранттың есебін ғылыми семинарларда тыңдау арқылы курстық жұмыстың барысын бақылайды.

15. Курстық жұмысты қорғау мерзімі бекітілген академиялық күнтезбеге сәйкес анықталады.

16. Курстық жұмыстың сапалы орындалуы мен қорғауға уақытылы ұсынылуы жауапкершілігі магистрантқа жүктеледі.

#### **5. Курстық жұмыстың қорғалуы**

17. Курстық жұмыс кафедра отырысында қорғалады. Қорғау хаттамамен бекітіледі.

18. Курстық жұмыс келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- орындалған жұмыстың ғылыми мамандандырылу бағытына сәйкестігі;
- жүргізілген зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің негізделуі;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістерінің қолданылуы;
- жүргізілген зерттеу көлемі мен статистикалық (қажет болса) өңдеу әдістерін таңдаудың негіздемесі ;
- жұмыс нәтижелерін жүйелі, сауатты және анық баяндай алуы;
- пайдаланылған ғылыми әдебиеттердің заманауи болуы;
- алынған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылығы;
- ғылыми және практикалық маңызы;
- рәсімделу сапасы;
- курстық жұмыстың қорғалуы (қорғау кезінде сұрақтарға толық жауап беруі, кәсіби сөйлеу деңгейі, демонстрациялық материал).